

Елікті ауылының ЖОББМ КММ-нің жанындағы“ Арман” шағын орталығының бүлдіршіндермен жалпы өткізілетін іс –шаралар жоспары

	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Білім күні 1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім -мейірім мекені»	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	Тіл мерекесі «Тіл достықтың дәнекері» атты таным сабағы	Қыркүйек	Тәрбиешілер
3	Ұлттық ойындар Асық ату-таным сабағы	Қыркүйек	Тәрбиешілер
4	25-қазан -Республика күні «Қазақстан еліне саяхат »	Қазан	Тәрбиешілер
5	Күз мерекесі «Күз жомарт» атты ертеңгілік	Қараша	Тәрбиешілер
6	«Менің Тұңғыш Президентім»	Желтоқсан	Тәрбиешілер
7	«16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»	Желтоқсан	Тәрбиешілер
8	«Қош келдің, Жана жыл»	Желтоқсан	Тәрбиешілер
9	Қысқы ермек спорттық іс-шара	қаңтар	Тәрбиешілер
10	Аналар күні «Асыл анам» атты ертеңгілік	Наурыз	Тәрбиешілер

11	Алғыс айту күні мерекелік іс-шара	Наурыз	Тәрбиешілер
12	Наурыз мейрамы «Ата салтымызды сақтайық» атты мерекелік ертеңгілік	Наурыз	Тәрбиешілер
13	Денсаулық күні «Денім сау болсын» атты спорттық сайыс	Сәуір	Тәрбиешілер
15	Достық күні «Ынтымағымыз жарасқан ел болайық» атты тәрбие сағаты	Мамыр	Тәрбиешілер
16	Жеңіс күні Ардагерлермен кездесу	Мамыр	Тәрбиешілер
17	Балабақшамен қоштасу «Қош бол сүйікті балабақшам» атты ертеңгілік	Мамыр	Тәрбиешілер
18	Балаларды қорғау күні «Бақытты балалық шақ»	Маусым	Тәрбиешілер

Ақмола облысы
Зеренді ауданы
Елікті ауылының
ЖОББМ КММ-нің жанындағы
«Арман»шағын орталығы

**«Арман» шағын орталығының
2023-2024 оқу жылының қорытынды
сараптамасы**

2023-2024 оқу жылы

Бірінші қыркүйек білім күніне орай «Мектебім-мейірім мекені » атты ашық тәрбие сағаты өтті.



Ұлттық тәрбиені дәріптеу мақсатында, балалар мен асық ойынын ойнап мақсаты мен ойын түрлерімен танысты.

Асық ату –таным сабағы



Бақшамызға арнайы Кокшетау қаласынан келген Ш.Хусайынов атындағы драма театр ұжымы балаларға " Қасқыр мен тырна" қойылым көрсетті .Балаларға көтеріңкі көңіл сипап ,балаларға жаксы әсер калдырды.



25 – қазан Республика күніне «Қазақстан еліне саяхат » атты тәрбие сағаты өткізілді. Баларға өз Отанын сүюге, туған халқының асыл мұрасын кастерлейтін парасатты,ұлтжанды ,бәсекеге кабілетті, өз құқын білетін адамгершілігі мол саналы азамат болуға тәрбиелеу.



«Күз жомарт» атты мерекелік іс шара өткізілді. Балаларға күз мезгілінің ерекшелігі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің тіршілікте тиер пайдасын, табиғаттың өзгешелігін, қыр-сырын такпак, өлең жолдар мен нақыл сөздер арқылы ой-өрісін дамыту. Жыл мезгілінің ішіндегі күз айының алатын орны жөнінде айту. Балаларды табиғатты корғауға, сүйуге, аялауға, қажырлы еңбек етуге тәрбиелеу.



Балалардың көптен асыға күтетін күндері Жаңа жыл «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілік өз деңгейінде өткізілді. Ертеңгілікке екі топтың барлық бұлдіршіндері дерлік ата-аналарда белсене қатысты. Әр бала мерекеге сай жаңа жылдық костюмдер киіп, көңілді такпақтарын айтып, әндерін шырқап, би де биледі. Аяз ата мен Ақшақар балалардың өнерлеріне ризашылығын білдіріп, әр балаға мерекелік сыйлықтарын сыйлады.



1-ші наурыз алғыс айту күніне орай шағын тәрбиешілері бұлдіршіндермен бірге мектептегі барлық ұжымға алғыс айтып мереке күнімен құттықтап өз қолдарынан жасаған гүл мен открытка сыйлап алғыстарын білдірді.



Аудан аралық өткізілген « Әжем, анам және мен» атты ұлтық құндылықты бала бойына сіңіре отырып от басылық тәлім тәрбиені қалыптастыру мақсатында өткізілген іс шараға ересек топ тәрбиенелушісі Кабдуллина Жанерке анасымен қатысып 1-орынға ие болды. Жетекшісі Жунусова Қарлығаш



Халық аралық әйелдер күніне орай «Ана – күннің шуағы » атты мерекелік іс шара өткізілді. Адам үшін ең аяулы, ең қастерлі жан – ана. Бала дүниеге келген күннен бастап, өзінің жұмсақ алақаны, жылы жүзі, ыстық құшағы мен мейірімін, махаббатын бере білген аналар үшін елемізде бір күнді мейрам етіп белгілеген. Сол мақсатта балалар шағын концерт өткізіп , өз қолдарымен сыйлық жасап сыйлады.

Ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамына орай шағын орталығымызда « Наурыз мейрамы құтты болсын» атты мерекелік іс шара өз деңгейінде өткізілді. Мерекелік іс шараға ата аналар мен қатар балаларда белсене қатысты. Тәрбиешілер мерекеге сай топты безендіріп балаларға арнап дастархан жайып , наурыз көже берілді. Балалар ән айтып би билеп тақпақтарын оқып жақсы көңіл күйде болды.



“Білім айнасы”-Республикалық ғылыми -танымдық басылымының редакциясы ,514-ші бұйрық негізінде ұйымдастырылған жас суретшілерге арналған “Бояулар құпиясы-Менің Отаным” тақырыбындағы “Балдырған”және “Балапан”тобының жетістіктері.



7-мамырға арналған тәрбие сағаты "Сарбазы болам елімнің" балаларға 7-мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесі жөнінде түсінік беру. Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды Отан қорғауға, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге, батыл да ержүрек болуға үйрету.



1-Маусым балаларды қорғау күніне орай "Бақытты балалық шақ" атты мерекелік ертенгілік өткізілді. Балалар мен түрлі ойындар ойнап, тәтті мен балмұздақтар таратылды.



«Қош бол сүйікті балабақшам» атты ертенгілігі өз деңгейінде өткізіліп әр бала өз өнерлерін көрсеті.





Биылғы оқу жоспарына сәйкес шағын орталығында мектепке дейінгі ұйымға балалары келмейтін ата-аналарға арналған кеңес беру пункті жұмыс жасады! Егер ата-аналарда оқыту мен тәрбиелеуге, жан жақты дамытуға, денсаулығын нығайтуға бағытталған сұрақтар туындаған жағдайда, мектеп басшысынан, педагог-психологтан шағын орталықтың кеңес беру пунктінен кеңестер мен практикалық, көмек көрсетілді



Бекітемін :

Мектеп директоры

Каймульдина Б.Б.



Келісемін:

Оқу ісінің меңгерушісі:

Байшораева С.Э

**Елікті ауылының ЖОББМ КММ-нің жанындағы
“ Арман” шағын орталығының жылдық әдістемелік жоспары**